Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімін арттырып, өз елінің тарихын, әдебиетін, мәдениетін танып-білуге, патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында "Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұғыры" атты кітап көрмесі жасақталып, ақпараттық сағат өткізілді. Іс-шара барысында мектеп кітапханашылары тәуелсіздік тұғырының биік шыңдарына жетелейтін оқиғаларға толы тарих беттеріне шолу жасап, оқушылар қазақстанның тарихи белестері туралы сұрақтарға жауап бере отырып "Қайда?","Қашан?" атты ақпараттық квилт акцияға белсене атсалысты.

https://www.facebook.com/share/p/3C6kRKK9fhFmiGtk/?mibextid=oFDknk

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мен бірге "Балалар жылы" аясында сыныптар арасында дебат екі жақтың өзекті мәселелер бойынша пікірталастар, мектеп ұстаздары арасында волейболдан жарыс өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/KLfkbsLEvuZcmgj3/?mibextid=oFDknk

2023 жылдың 16 қаңтар күні Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Бейсенбі Арна Қуанышқызы оқушылар арасында кәмелетке толмағандардың өз-өзіне қол жұмсаудың алдын-алу және өзгеде әкімшілік құқық бұзушылық (Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы, он сегіз жасқа толмаған адамдардың қоғамдық орындарға масаң күйде келуі, сол сияқты олардың алкогольдік ішімдіктерді ішуі және т.б. әкімшілік құқық бұзушылықтарды түсіндіру) қылмыстық құқық бұзушылықтарға ( бұзақылық, қорқытып алу, тонау, қарақшылық, бөтеннің мүлкін иемдену және т.б. қылмыстық құқық бұзушылықтарды түсіндіру) әкімшілік жауаптылық 16 жастан, қылмыстық құқық бұзушылық 14 жастан жауапкершілікке тартылатындығы жөнінде түсіндіріп өтті.

https://www.facebook.com/share/p/vwcAq4qt3BqNrh4w/?mibextid=oFDknk

Ахмет Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде

2022-2023 оқу жылында педагог – шебер санатындағы мұғалімдер арасында сапалы әдістемелік жинақтар құру мақсатында өткізілген

«Функционалдық сауаттылық – білім беру сапасын жақсартудың маңызды шарты» тақырыбындағы «Үздік авторлық бағдарлама» сайысына белсенді қатысқаны үшін Химия пәнінің педагог-шебер ұстазы Жайымбаева Ғалия, орыс тілі пәнінің педагог-шебер ұстазы Қошмағанбетова Алия, математика пәнінің педагог-шебер ұстазы Әлмағанбетова Салтанат марапатталды.

https://www.facebook.com/share/p/Z2y7uuJSSmEknLSA/?mibextid=oFDknk

2023 жылдың 2 ақпанында А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде “Оқыту тәжірибесіндегі педагогтердің аналитикалық құзыреттілігін арттыру: БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне аналитикалық талдау жасау” тақырыбында семинар өткізілді. Мектебіміздің ағылшын тілі пәні мұғалімі Оспанова Әсел “Оқыту тәжірибесіндегі педагогтердің аналитикалық құзыреттілігін арттыру” курсында жинақтаған тың ақпараттармен бөлісіп, практика жүзінде қолданып, мектеп ұстаздарымен тәжірибе алмасты. Семинар барысында біршама тың ақпараттар айтылып, алдағы уақытта аналитикалық талдауды білім беру процесінде қолданудың маңыздылығы артты. Аталмыш семинарға мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Н.Тәңірбергенұлы, Ж.Өтепов қатысты. Қатысқан ұстаздар семинарды жоғары деңгейде өтті деп баға берді.

https://www.facebook.com/share/p/4tBUcoLGg3mZCShF/?mibextid=oFDknk

Ахмет Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде

2022-2023 оқу жылында педагог – шебер санатындағы мұғалімдер арасында сапалы әдістемелік жинақтар құру мақсатында өткізілген «Функционалдық сауаттылық – білім беру сапасын жақсартудың маңызды шарты» тақырыбындағы «Үздік авторлық бағдарлама» сайысына белсенді қатысқаны үшін  Рахымжанова Раушан орыс тілі пәнінің педагог-шебер ұстазы марапатталды.

https://www.facebook.com/share/p/YMK2RBJhyJHZRsJW/?mibextid=oFDknk

2022-2023 оқу жылында мектебімізде мектеп педагог-психологтарының ұйымдастыруымен "Психология-керемет әлем" тақырыбында іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Осыған орай түрлі тақырыптарда іс-шаралар өткізілуде. Арнайы бұрыштар жасалынды.

https://www.facebook.com/share/p/WxZkwrZXoNMVKUym/?mibextid=oFDknk

ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІ АРАСЫНДА ӨТКЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

9 ақпан күні Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің базасында орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қатысуымен «Орыс тілі мен әдебиеті: оқыту мәселелері және жаңа көзқарас» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шара барысында пән мұғалімдері аудандық әдістемелік кабинеттің орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2023 жылға арналған жылдық жоспарымен танысты. Аудандық жылдық жоспарға сәйкес мектепішілік өтетін жұмыстар жүйеленіп, оң нәтижеге қол жеткізілетін болады деген сеніммен пән бірлестік жетекшілері мен шығармашыл көшбасшы мұғалімдер өзара тәжірибе бөлісіп, көптеген пікірлер айтып, пәнді оқыту бойынша қазіргі заманауи жаңа әдіс тәсілдер қажет екенін ашып айтты.

https://www.facebook.com/share/p/17LNG16u1cenRZat/?mibextid=oFDknk

БІЛІМГЕ ҚҰШТАР ҰРПАҚ

https://www.facebook.com/share/v/wnMNKTXKdHgT2qcg/?mibextid=oFDknk

2022 - 2023 оқу жылында түзілген кестеге сәйкес ағымдағы жылдың 23-24 ақпан күндері, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері, "Адал сағат" акциясы өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/eSpWk8cGeApe3vxs/?mibextid=oFDknk

1 наурыз "Алғыс айту" күніне арналған "Алтын жүрек" республикалық челленджді мектептің "Өзін-өзі басқару" ұйымының оқушылары Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің оқушыларына жолдады.

https://www.facebook.com/share/v/uDK9XBKDEQwgRSiq/?mibextid=oFDknk
https://www.facebook.com/share/p/RerwLui9KMbjcuEf/?mibextid=oFDknk
https://www.facebook.com/share/p/zvPuzwk1NSsVqHNY/?mibextid=oFDknk

Көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай мектепте біршама іс-шаралар өткізілді. Асыл армандардың орындалуын, жан жадыратар қуаныштың мол болуын, отбасы бақыты мен берекесі сарқылмауын тілей отырып, Әйел ана-өмірдің өзегі, тіршіліктің күре тамыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары. Еліміздің сән-салтанаты мен мерейінің үстем болуында да қашанда нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. Олай болса, көктемнің осынау шуақты мерекесі көңілдеріңізді нұрға, жүректеріңізді жырға бөлесін.
https://www.facebook.com/share/p/pQek3PuLz1MXiFJA/?mibextid=oFDknk

Ағымдағы жылдың 11-наурыз күні А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде қоқыстан тазару бойынша жалпы тазалық акциясы (сенбілік) ұйымдастырылды.

Мектеп ауласы күл-қоқыстан тазартылды. Мектеп қызметкерлері бір кісідей атсалысып, тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді.

Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті.
https://www.facebook.com/share/p/yEpAor7t4R22QrWr/?mibextid=oFDknk

2023 жылдың 27-30 наурыз күндері Петропавл қаласында жастар мен жасөспірімдер арасында гір көтеру спортынан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Жарысқа еліміздің барлық өңірінен 400- ге жуық спортшылар қатысты. Түркістан облысының намысын қорғаған, "Сен тұр, мен атайын" деген мықты спортшылардың ішінен топ жарған А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің 10 сынып оқушылары жүлделі орындарды иеленді. Жарыс нәтижесі бойынша ,серпе көтеруден жасөспірімдер арасында 48 кг салмақ дәрежесі бойынша Тілеген Өскен 1-орын, жұлқа көтеруден 53 кг салмақ дәрежесі бойынша Ергешбай Еркебұлан 1-орын .Жүлделі орыннан көрінген шәкірттеріме алдағы Азия, Әлем чемпионаттарында еліміздің намысын абыроймен қорғап, көк туымызды биікте желбірете берулерін тілеймін!!! Жаттықтырушысы Қазақстан еңбек сіңірген жаттықтырушы Серикбаев Мурат және Тұрсынбаев Бақтан
https://www.facebook.com/share/p/U4ay85cPS8c81J5P/?mibextid=oFDknk

Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 11 сәуірдегі №07-01-18/495 хатына сәйкес оқушылардың интеллектуалды қабілетін шахмат ойнау арқылы көрсету мақсатында, А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде шахматтан жарыс ұйымдастырылды.

#шахматчелленджТүркістаноблысы
https://www.facebook.com/share/v/bkiTrR46A2mzcAMn/?mibextid=oFDknk

2023 жылы 14 сәуір күні мектепте "Мейірімділік - анадан, әдептілік - данадан" тақырыбында 8 - 11 сынып қыздары арасында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге аудандық аналар кеңесінің төрайымы Райымқұлова Рысты апай қатысты.
https://www.facebook.com/share/p/c2R8HZXj2yEw5EhS/?mibextid=oFDknk

7 мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр Жеңіс күні мерекесіне арнап мектепте түрлі іс-шаралар өткізілді.
https://www.facebook.com/share/p/fBUdLhZxP37jffnN/?mibextid=oFDknk
https://www.facebook.com/share/v/TyTA1rd6rp7c9Zvs/?mibextid=oFDknk

Мектепте мектеп директоры, директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Созақ ауданы прокурорының орынбасары, Созақ АПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі, Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция аға литенанты және де 5-11 сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен ата-аналар жиналысы болып өтті.

КҮН ТӘРТБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. Ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының бағыттары
3. Түнгі мезгілде ата-анасыз жүруді қатаң қадағалау
4. Ата-аналар балаларын сабақтан себепсіз көп қалдырмау және кешікпей келуін, жолда жүру қауіпсіздігін қадағалау, мектеп формасын сақтау, ұялы телефон ұстап келмеуін қадағалау.
5. Ата-аналар балдарының бос уақытта қайда болғанын, немен айналысатынын қадағалау. Осы мәселелер жан-жақты талқыланып, пікір алмасулар болды.

https://www.facebook.com/share/p/j1W8AXAYZWRpyHo1/?mibextid=oFDknk

12.05.2023 жыл. А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде "Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, педагогтеріне, білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қарулы шабуыл немесе білім беру мекемесінде террорлық акт болған жағдайдайындағы іс әрекеттер" тақырыбындағы оқу жаттығу ұйымдастырылды
https://www.facebook.com/share/p/sAfdXAFuKPU3E6TX/?mibextid=oFDknk

"Балалық шақ әлемі қандай ғажап!" 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған флешмоб өткізілді. Флешмоб мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын, отбасылық дәстүрлерін сақтау, балалар шығармашылығын дәріптеу.
https://www.facebook.com/share/p/EKkxg75w8K4w8idg/?mibextid=oFDknk

2022 - 2023 оқу жылындағы "1 маусым халықаралық балаларды қорғау күні" мерекесімен тұспа - тұс келіп отырған "Саналы ұрпақ - жарқын болашақ" атты мектеп бітірушілердің салтанатты жиыны өткізілді.
https://www.facebook.com/share/p/dYzPgA3Sm2APuknt/?mibextid=oFDknk

Назар аударыңыздар, ата-аналар!

Сіз балаңыздың қазір қайда екенін білесіз бе?

Түнгі сағат 22.00-ден таңғы 06.00-ге дейін бұл ата-аналардың жауапкершілік уақыты

Сондықтан Түркістан облысының полиция қызметкерлері кәмелетке толмағандар тарапынан оларға қатысты да құқық бұзушылықтарға жол бермеу бойынша іс-шараларды тұрақты негізде өткізеді. Есіңізде болсын, түнде балалардың жалғыз болуы қауіпсіз емес, сондықтан олардың тыс жерде караусыз болуына заңмен тыйым салынған

ӘРБІР ӘКЕ МЕН АНА ТИІСТІ:

баласының қайда екенін білу 22.00-ден 06.00-ге дейінгі кезеңде тұрғын үйден тыс жерде жүрген 18 жасқа толмаған

балаларды ертіп жүруге Аталған міндетті орындамау әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Кешке балалар үйде болуы керек. https://www.facebook.com/share/p/5YvHuqeGfS4d54Hy/?mibextid=oFDknk

**2021-2022 оқу жылы**

| № | Мектеп ішілік үйірмелер атауы | Қатысатын оқушылар саны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| **1** | «Шебер қолдар» | 30 | Раманқұлова Ақбота |
| **2** | «Туған өлке фаунасы» | 30 | Батырбаева Гүлнар |
| **3** | «Көркем еңбек» | 30 | Жұбанова Ақбота |
| **4** | «Жас эколог» | 15 | Акбар Айнұр |
| **5** | «Өлкетану» | 15 | Абилхасымов Наурыз |
| **6** | «Абай даналығы» | 15 | Мусабеков Сержан |
| **7** | «Жас информатик» | 15 | Сейсенбиев Самат |
| **8** | «Туған өлке флорасы» | 15 | Қайырбекова Әсел |
| **9** | «Компьютер әлемінде» | 15 | Кеңесова Айдана |
| **10** | «Жас химик» | 15 | Жақсылықова Жансая |

**2022-2023 оқу жылы**

| № | Мектеп ішілік үйірмелер атауы | Қатысатын оқушылар саны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| **1** | «Ән әлемі» | 15 | Имашов Айдос |
| **2** | «Шебер қолдар» | 20 | Раманқұлова Ақбота |
| **3** | «Сиқырлы бояулар» | 15 | Сабеков Бақытжан |
| **4** | «Тірі ағзаны модельдеу» | 20 | Қайырбекова Әсел |
| **5** | «Жас эколог» | 30 | Жақсылықова Жансая |
| **6** | «Волейбол» | 30 | Жиентай Біржан |
| **7** | «Шешендік өнер» | 15 | Аралова Арай |
| **8** | «Информатика әлемінде» | 20 | Мыңжасар Назерке |

**2023-2024 оқу жылы**

| № | Мектеп ішілік үйірмелер атауы | Қатысатын оқушылар саны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1** | «Үстел теннисі» | 15 | Асылханов Қайрат |
| **2** | «Шебер қолдар» | 15 | Раманқұлова Ақбота |
| **3** | «Жас эколог» | 15 | Жақсылықова Жансая |
| **4** | «Волейбол» | 30 | Жиентай Біржан |
| **5** | «Шешендік өнер» | 15 | Аралова Арай |
| **6** | «Робототехника» | 20 | Кеңесова Айдана |
| **7** | «Тірі ағзаны модельдеу» | 30 | Нұрманова Гүлжан |
| **8** | «Speaking club» | 15 | Оразбаева Жаңыл |
| **9** | «Speaking club» | 15 | Рахым Айсұлу |

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.* 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында балалардың қатысуымен мәдени – бұқаралық және спорттық - бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шаралар жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде:

**2023-2024 оқу жылында** А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектепте «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша атқарылған іс-шаралар 1 қыркүйек - Білім күніне арналған «Мектебім - мейірім мекені» атты іс-шара өтілді.

Шуақты қыркүйек айының бірінші күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндермен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысты. Созақ ауданының Құрметті азаматы, Созақ ауданының ақсақалдар кеңесінің төрағасы, «Аманат» партиясы Созақ аудандық филиалының жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, Созақ аудандық билер алқасының биі, білім беру саласының еңбек ардагері Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, «Созақ үні» газетінің бөлім меңгерушісі, «Бақ Нұр» іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Майусова Нұржамал Әбілжанқызы және де мектептің ардагер ұстаздары барша ұстаздарды, оқушыларды,мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерді бүгінгі «Білім күнімен» құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Мектеп директоры Шаймерденов Талғат Атажанұлы ұстаздарға, оқушыларға ақ тілегін жолдап, мектеп жаңа оқу жылына жан-жақты дайын екендігін айтып өтті. Биыл 71 оқушы алғашқы рет мектеп табалдырығын аттады. 4 сынып ашылды.

Іс-шара мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндердің өлең-шумақтарымен, оқушылардың ән-жырына ұласты.

https://www.facebook.com/share/p/JVFGjgJZAhpyPEtn/?mibextid=oFDknk

«ТОҒЫЗ АЙДАҒЫ 9 ІС-ШАРА» аясында бірыңғай «ДЕНЕ СЕРГІТУ» челленджі өтті. 8 қыркүйек күні 1 ауысым және 2 ауысым сабақтары басталғанға дейін мектеп ауласында «Дене сергіту» челленджі өткізілді. Челлендж Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы әзірлеген «Сергіту сәті» челленджін өткізу әдістемелік ұсынымына сәйкес 1-4 сыныптар, 5-9 сыныптар, 10-11 сыныптарға арналған жаттығулар кешеніне сәйкес өткізілді. Сергіту сәті - бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, сондықтан оларды орындау кезінде түрлі бұлшықет топтары қамтылады. Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау;

Дене белсенділігін арттыру; Шаршаудың алдын -алу; Ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру;

Міндеттері: Балалардың денсаулығын сақтау; Оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын –алу

https://www.facebook.com/share/p/KAbw4Yeydxjn69jR/?mibextid=oFDknk

Созақ аудандық ІІБ және аудандық денсаулық сақтау орталығы мен Созақ ауданы «Жастар» орталығының ұйымдастыруымен мектепте 8 – 11 сынып оқушыларына «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу», «Өз – өзіне қол сұғушылықтың алдын алу», «Нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында жиын өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/591k1bnvgr7VEhUW/?mibextid=oFDknk

“ Ұрпақ тәрбиесі ұлт келешегі ”

Созақ аудандық “Жастар ресурстық орталығы“ КММ-нің ұйымдастыруымен А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектептің ер балаларына өзекті мәселелердің (өз-өзіне қол жұмсау, құқықбұзушылық, аутодеструктивті мінез құлық, сонымен қатар зиянды әдеттердің) алдын-алу мақсатында семинар-тренинг өткізілді.

Мақсаты

- өз міндеттерін, құқықтарын түсіндіру.
- қоғаммен және өзара қарым - қатынасындағы жарасымды мінез ерекшеліктері.
- сенімді мінез-құлықтарын қалыптастыру.
- оқушыларды өз ойларын нақты ортада ашық айтуға дағдыландыру.
- өздерін қорғай білуді үйрету.

Кездесуге Созақ аудандық “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің психолог маманы және заңгер маманы, Созақ аудандық емхана психологтары және Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция капитаны қатысты.

Мамандар, психологиялық ақпараттарды түнгі уақытта көшелерде жүрмеуін,заңдарды ережелерді айта кетті. Оқушыларға зиянды әдеттер, туралы және мәселелер бойынша оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қызықты сергіту сәттерін өткізіп, оқушылармен кері байланыс жүргізді. Оқушылар белсене жауап беріп, пікірталас алмасты.

https://www.facebook.com/share/p/jmGLHcqHf3iYFkFp/?mibextid=oFDknk

2023 жылдың 27 қыркүйегінде «Мектептерде қылмыстылықтың алдын алуға, ата – аналардың жауапкершілігі мен балаларға бақылауды күшейту» тақырыбында Созақ ауданы прокуратурасының аға прокуроры Бейсембай Бексұлтан, Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы, полиция аға лейтенанты М.Сарсенбай, Созақ АПБ ЖПҚ УПИ полиция лейтенанты Н.Өскентаев және мектеп ата – аналарының қатысуымен жалпы ата – аналар жиыны өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/FUjgW24fDwbCP413/?mibextid=oFDknk

«А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 28- қазан күні сағат 10.00де "Терроризм мен экстремизмнің алдын алу шаралары" бойынша оқу – жаттығу шарасы өткізілді. Бұл оқу жаттығуға мектеп ұжымы мен оқушылары қатыстырылды. Терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында дер кезінде әрекет жасау, ұжымдық қорғану тәжірибесін арттыру мақсаты алға қойылды.

https://www.facebook.com/share/p/BTM3FXCQosPyUwme/?mibextid=oFDknk

Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру,үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында 1 қазан карттар күні мерекесіне орай мектеп оқушылары аудандық "Ардагерлер" үйіне және "Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам" орталығына барып өз өнерлерін көрсетіп, карттарды қуанышқа бөледі.

https://www.facebook.com/share/p/5jLD2RoysXrkPZbP/?mibextid=oFDknk

Мектепте Өзін - өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында 2023 жылғы 5 қазан күні мұғалімдер күніне арналған "Дублер күнін" мектепте білім алушылардың, өзін - өзі басқару күнін ұйымдастырып өткізді. #өзінөзібасқару #самоуправления #ұстазымамыңалғыс
https://www.facebook.com/share/v/QPTBRM9gUYspSxfC/?mibextid=oFDknk

2023 жылы 5 қазан "Ұстаздар" күніне арнап 5-10 сынып оқушылары арасында "Менің сүйікті ұстазым" тақырыбында эссе, шығарма, жоғары сынып оқушылары арасында бейнероликтер байқаулары, "Ұстаздарға мың алғыс" тақырыбында өздерінің алғашқы ұстаздарымен кездесу, барлық сыныптарда "Ұстаздарға ұлы есім" атты біріңғай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.
https://www.facebook.com/share/p/6bVUr6nfTBcQFobX/?mibextid=oFDknk

А. Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің 16.10-20.10.2023 күндері аралығында "Сыр сандықтың сырын ашқан—Сәкен" атты апталығы басталды.

Апталықтың мақсаты:

— соңында сырлы да сазды поэзия қалдырған ақын, ғұмырын елінің жарқын болашағы үшін күресуге жұмсаған қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын, саяси-қоғамдық қызметтерін, азаматтық тұлғасын оқушылар арасында насихаттау.
https://www.facebook.com/share/p/gxez4F3HwP7JBGZq/?mibextid=oFDknk

«АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» құрылды.

Созақ ауданының білім бөлімінің "А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ - де 10 қазан күні ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыста күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 29.09.2023 жылғы №4-16-1/5751-И санды хатында көрсетілген тапсырманы орындау мақсатында Созақ ауданының білім бөлімінің 09.10.2023 жылғы №07-01-18/1381 хатына сәйкес «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылды.

Ата-аналарлың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзіретін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мақсатында құрылған бұл орталық «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ ғылыми әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алып, нақты бағдарлама негізінде жұмыс жүргізеді.

Жиналыс барысында ата-аналарға тренингтер өткізіліп, бала тәрбиесінде сынып жетекшілер мен ата-аналар бірлесе тығыз байланыста жұмыс істегенде ғана жетістікке қол жеткізетіндігі айтылып, қорытындыланды.
https://www.facebook.com/share/p/nbWbQ1yjeo9KxYrL/?mibextid=oFDknk

Созақ ауданының білім бөлімінің 07-01-18/1430 санды хатын негізге ала отырып мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында Мектеп парламенті Президентінің сайлауы өткізілді. Нәтижесінде "Өзін -өзі басқару" ұйымының Президенті болып Сержанов Ерхан сайланды. Премьер минстр болып Қадыр Айдын тағайындалды. Ұйым мүшелері: Ақпарат министрі - Сахи Кәусар, Білім министрі - Амангелді Нұрай, Мәдениет министрі-Төлбасы Аида, Тәртіп министрі-Камал Айша, Баспасөз министрі-

Нұрғалиқызы Жанель, Спорт министрі-Оңайбек Дінмұхамед, Денсаулық министрі-Тайыр Ерсайын болып бекітілді.

https://www.facebook.com/share/p/pHkeXiskJYHtLjdM/?mibextid=oFDknk

ӘНҰРАНЫМ АСҚАҚТАҒАН

Қасым –Жомарт Тоқаев 25 қазан - Республика күніне «ұлттық мейрам» мәртебесін беріп, қазақ жұртына мемлекеттік мереке деп жариялады. «Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам» - деп хабарлады мемлекет басшысы. Мемлекеттігімізді айқындап, керегемізді бекем ететін ұлы күнді ұлықтау мақсатында А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп оқушылары мен ұстаздары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады.

#25_қазан_республика_күні

https://www.facebook.com/share/p/ozg8jjcPZ7S11MT6/?mibextid=oFDknk

2023 жылдың 24 қазаны күні 8-11 сынып оқушыларына Созақ ауданы әкімі аппараты, Созақ аудандық орталық аурухана, Созақ аудандық полиция бөлімі, Созақ аудандық білім бөлімі мамандарының қатысуымен Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес, кәмелеттік жасқа толмағандарды суицидтің, ерте жүктіліктің, басқа да құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

https://www.facebook.com/share/p/Doaizw34x3KMqGJn/?mibextid=oFDknk

Елім менің Қазақстаным

Жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіріп, ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу мақсатында, А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебінде, 25 қазан Республика күніне орай мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Елім менің Қазақстаным», «Ұлт мақтаны-Алаштың арыстары» атты кітап көрмелері жасақталып, ақпараттық әңгіме шолу өткізілді.Шолу барысында кітапханашылар Ұлттық мерекеміз Республика күнінің маңызы, Мемлекеттік Рәміздер мен еліміздің табиғи орындары мен көрікті жерлері, ұлт мақтанышына айналған даңқты жазушыларымыз бен өнер, ғылым, спорт саласындағы қазақстандықтар туралы ақпараттармен таныстырды. Оқушылар Отан, туған жер туралы белгілі ақындардың өлеңдерін оқып, додекаэдр әдісімен жасалған сергіту сәтінде сұрақтарға жауап беріп жүлделер алды.

https://www.facebook.com/share/p/CCHyn3cdL2tKYmjZ/?mibextid=oFDknk

Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу мақсатында мектеп оқушылары 25 қазан Республика күніне орай түрлі іс-шаралар өткізді.

https://www.facebook.com/share/p/PSXtcXbunoVVg9EQ/?mibextid=oFDknk

Созақ АПБ бастығы, полиция подполковнигі Ж.Нысанбаев, мектеп директоры Т.Шаймерденов, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп инспекторы және 8-11 сынып жетекшілері мен оқушыларының қатысуымен "Мектеп" іс-шарасы барысында 8-11 сынып оқушыларына жасөспірімдерге қатысты немесе олардың қатысуымен орын алатын құқық бұзушылықтарды

түсіндіру бағытында кездесу өткізілді

https://www.facebook.com/share/p/QV2NTmPTBUR2H3iK/?mibextid=oFDknk

КҮЗГІ ДЕМАЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ: ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Қазақстандық мектептерде күзгі демалыс басталды. Оқу-ағарту министрлігі оларды «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірлеп, өңірлерге жолдады.

Білім беру ұйымдары кітапханаларды, мұражайларды, спорт кешендерін, ғылыми қоғамдастықтар мен балалар бірлестіктерін тарта отырып, мәдени-демалыс, спорттық және шығармашылық бағытындағы іс-шаралар жоспарын әзірлеуі қажет.

I. Оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысын жасау: кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру, сондай-ақ түрлі кәсіптің үздік өкілдерімен кездесулер өткізу.

II. Өмірдің қиын жағдайына тап болған, үйде оқитын оқушылар үшін мына шараларды: виртуалды экскурсиялар, онлайн жарыстар, психологтармен іс-шаралар, белгілі бір пәндер бойынша кеңестер ұйымдастыру маңызды.

III. Ата-аналармен өзара қарым-қатынас құру барысында: балалармен бірлесіп, мәдени-көпшілік және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын, экскурсиялар, интернет-марафондар, ата-аналарға арналған конференциялар мен форумдар өткізу.

IV. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары: құқық қорғау, денсаулық сақтау, төтенше жағдайлар органдарының өкілдерін шақырумен балаларды тәрбиелеу және зиянды әдеттердің алдын алу бойынша кеңестер ұйымдастыру.

V. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мектептің де, ата-аналардың да басты міндеттерінің бірі. Сондықтан, аталмыш іс-шараларды өткізбес бұрын күзгі демалыс кезінде оқушылар мен олардың ата-аналарына өмір қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау туралы нұсқаулық жүргізу маңызды.

Демалыс кезеңінде ұсынылатын барлық іс-шаралардың тізімі ақпараттық стендтерде, білім беру ұйымдарының веб-сайттарында орналастырылып, олар ата-аналарға таныстырылуы қажет.

Еске салайық, биылғы оқу жылында күзгі демалыс 30 қазаннан басталып 5 қарашаны қоса алғанда 7 күнтізбелік күнді құрайды.
https://www.facebook.com/share/p/cRwzAy2AccbPgUw4/?mibextid=oFDknk

2023 жылдың 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында "Зорлық зомбылыққа жол жоқ!" Республикалық акциясын аудан көлемінде өткізу бойынша іс-шара жоспарына сәйкес түрлі іс-шаралар өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/Safo33m1b2GCqMY3/?mibextid=oFDknk

Шешендік сөз – қазақ елінің көнеден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері.
Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады.
Шешендік өнер мен билік қолма-қол туып айтылатын, суырыпсалма
жүрекжарды әділ сөздерге негізделіп шығармашылық сипатымен дараланады.
Асыл ойдың алтын қазығы болған шешен-билердің халық жадында сақталып
келген дана ойлары келешек ұрпақ үшін әрқашан тәрбие-өнер мектебі болған.
Ал бүгінгі шешендік өнердің бір түрі бұл – пікірсайыс. Осы ретте желтоқсан
айының 13-14-15 күндері Еліміздің тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік – тарихтың төл тартуы» атты
пікірсайыс турнирі өтті. Аталмыш турнирге еліміздің 9-10-11-сыныптардан 10 команда қатысты. Айтулы іс-шараның мақсаты Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетілген Қазақстан жастарына арнаған

идеологиялық бағыттарын насихаттау мен пікірсайыс қозғалысын дамыту, өзге өңірдің пікірсайысшыларымен тәжірибе алмасу.Бірінші орынды 11 сыныптан қатысқан "Эверест" тобы алса, 2-орынды 9-сыныптан "Зияткер" тобы , ал үшінші орынды 10-сыныптан қатысқан "Алау" тобы қанжығасына байлады. Сондай-ақ, үздік спикер атағын Қадыр Айдын және Сержанов Ерхан , үздік финалист Төлбасы Аида иеленді.

https://www.facebook.com/share/p/G9HEpAWs1vAaAM5r/?mibextid=oFDknk

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында "Жақұты барға жасын түспейді" тақырыбымен алаш қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, артына өшпес мол мұра қалдырған қаламгер Мағжан Жұмабаевтың 130 жыл толуына арналған әдеби сағаты өткізілді

Мақсаты: Оқушыларды қазақтың ұлы ақындарының бірі – Мағжан Жұмабаевтың өмірімен, шығармашылығымен таныстыру, шығармаларын үлгі ете отырып, отансүйгіштікке, сұлулыққа тәрбиелеу. оның поэзиясына деген сүйіспеншілікті ояту, патриоттық сезімдерін дамыту .Іс - шара барысында оқушыларға «Ұлтын сүйген ұлы жүрек» атты бейнеролик көрсетіліп, кітапханашы А.Утембаева ақынның өмір жолы мен шығармашылығы туралы әңгіме шолу жасады, 8"ә" сынып оқушылары ақынның «Түркістан», «Мен жастарға сенемін», "Қазақ тілі", "Қазағым менің" т.б өлеңдерін мәнерлеп оқыды, оқушылар"Алаштың сөнбес жұлдызы" атты кітап көрмесімен танысты

https://www.facebook.com/share/p/RoYRtQbe7SwL6DF2/?mibextid=oFDknk

5 "Ә" сынып оқушылары, сынып жетекшісі Омарбекова Майра Сұлтанбек Қожанов атындағы аудандық мұражайымен бірлесіп 11 желтоқсан күні "Тәуелсіздік-тірегім, Қазақстан жүрегім" тақырыбында танымдық сағатын өткізді.

https://www.facebook.com/share/p/Z6tWARWESfYHukDJ/?mibextid=oFDknk

Сусында біліммен күннен күнге,
Тарихты білу деген үлкен жүлде.
Тарихты білу міндет екен бәрімізге,
Керек десен жасымыз бен кәрімізге.

Мектебіміздің өндірістік жоспарына сәйкес 2023 жылдың 11-15 желтоқсан аралығында "Тәуелсіздік -тұғырым" атты тарих апталығы басталды. Апталықтың мақсаты өткен тарихы туралы мәлімет бере отырып, тарих сабағының маңыздылығын ұғындыра білу, оқушылардың салыстырмалы түрде ойлау, ой түйіндеу, өзіндік пікір қалыптастыру қабілеттерін арттыру. Өткен күннен өнеге ала отырып, болашаққа бағдар жасай білу, тарихын құрметтеп, қадір тұтуға тәрбиелеу.

https://www.facebook.com/share/p/p76BfC25XWDDBFVu/?mibextid=oFDknk

2023 жылдың 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында "Зорлық зомбылыққа жол жоқ!" Республикалық акциясын аудан көлемінде өткізу бойынша іс-шара жоспарына сәйкес “Қатыгездік зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” ата-аналармен тренинг өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/SZF3UqDoz9i3Vo8T/?mibextid=oFDknk

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай мектеп оқушыларына Қазақстан туралы, оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету, оқушыларды өз елін сүюге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан

етуге баулу, өз ана тілін сүюге, әдемі сөйлеуге үйрету мақсатында "Өзін - өзі басқару" ұйымы оқушыларының Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтауы.

https://www.facebook.com/share/v/pQQPNATrxkRKEbv2/?mibextid=oFDknk

13 желтоқсан күні мектеп кітапханасында "Кітап оқитын адам - табысты адам" тақырыбында мектеп оқушылары арасында пікір алмасу сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, құрмет, сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, дамыту. Кітап арқылы оқушылардың жандүниесін кеңейту. Әрбір оқырманның өмірінде кітаптың алар орны ерекше екенін түсіндіру, кітап оқуға және табысты болуға шақыру.

https://www.facebook.com/share/p/acZc7ZYjKpt3DjmU/?mibextid=oFDknk

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай 13 желтоқсан күні Оқушылардың шеберлігін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, мектепішілік оқушылардың достығын нығайту, аудандық жарысқа құрама команда жасақтау мақсатында спорт үйірмелері ұлдар, қыздар арасында үстел теннисінен және волейболдан жарыс өткізклді.

https://www.facebook.com/share/p/h7YRHrc2XUVTr2F2/?mibextid=oFDknk

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 32 жылдығы қарсаңында "Өзін-өзі басқару" ұйымының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 8-11 сынып оқушылары аралығында "Мен ерекше баламын" эссе байқауы өткізілді. Эссе нәтижесінде арнайы мадақтамамен марапатталды.

https://www.facebook.com/share/p/yjLrB8er7KZaVR3p/?mibextid=oFDknk

Қайырымдылық акциясы аясында "Асар" челленджі.

Мақсаты: Тақырып барысында балалар отбасында қол ұшын беріп, көмекке мұқтаж жандарға жақсылық жасап, қуанту мақсатында оқушыларды игі істерге баулу. Видеоролик жасау байқауы өткізілді. Нәтижесінде белсенділік танытқан сыныптар марапатталды.

https://www.facebook.com/share/p/tmXjmumri1Htfse2/?mibextid=oFDknk

Оқушыларды кітап оқуға шақыру және кітап арқылы әлемді тануға, білімді ұрпақ тәрбиелеуге баулу мақсатында "Кітап- мәңгілік парасаттың киелі ғибраты" ("Оқуға құштар мектеп" жобасы) 8-10 сыныптар аралығында "Тастамашы ана" тақырыбында пікірталас өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/Q4U7Ui4wS7gz3H46/?mibextid=oFDknk

2023-2024 оқу жылының 17 қаңтар күні «Ахмет Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебінің» 7-сынып қыздарына арналған *«Қыздар арасында...»* атты дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелге ДТІЖО Ж.Дауренбекова, мектеп психологтары Г.Торғаева, Оралбек М., әлеуметтік педагог А.Әлмағанбет, мектеп медбикесі Ж.Алтаева және 7-сынып жетекшілері қатысты.

Сонымен қатар, дөңгелек үстелге САОА Салауатты өмір салты медбикесі М.Қойлыбаева, САОА психолог маманы Ш.Тукебаева, САОА акушерка маманы Бекен Айша шақырылды.

Дөңгелек үстелдің мақсаты*: қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз бала

гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету; өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру; қызарды инабатты қыз болып өсуге баулу.

Дөңгелек үстел барысында «Қыз баланың тәрбиесі», «Қыз бала әдебі», «Қыз балалардың жеке гигиенасы жайлы баяндамалар оқылды, «Мен қандаймын?» тақырыбында тренинг жүргізіліп, «Ерте жүктілік» жайлы сауалнамалар алынды.

https://www.facebook.com/share/p/pURpFw7wRVnwQ3Tu/?mibextid=oFDknk

Қайырымдылық акциясы аясында қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы-жомарттық, кең пейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жомарт болу-өзінде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу мақсатында мектеп оқушыларының қатысуымен іс-шара өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/4q8hJp5yGddWAQcu/?mibextid=oFDknk

Жеке бас гигиенасын түсіндіре отырып қыздардың мектептегі тәртібі, жүріс тұрысы қандай болу керектігін әжелерден кеңес алу мақсатында қызға қырық үйден тыйым тақырыбында

5-6 сынып оқушыларына әжелердің кеңесі болды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Дауренбекова, мектеп психологы Г.Торғаева, М.Оралбек, мектеп кітапханашысы З.Мынжасарова, зейнеткер әжеміз Абдрахманова Сәуле және аудандық ардагерлер үйінің төрайымы, Қайыржанова Маруа қатысты.

https://www.facebook.com/share/p/wuuHf54vDcb7KGoQ/?mibextid=oFDknk

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖАТТЫҒУ

Мектебімізде төтенше жағдай болған жағдайда сақтану шараларын тиімді ұйымдастыру бойынша жаттығу өткізілді. Мектеп ұжымына, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

https://www.facebook.com/share/p/iz7vK7GqCgrhD7Bn/?mibextid=oFDknk

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында мектебімізде

МИФ бірлестігінің "Математика,информатика,

физика сабақтарында жасанды интелект технология элементтерінің тиімділігі"тақырыбында семинар болып өтті

https://www.facebook.com/share/p/x7fqsXEbfKDZEqRr/?mibextid=oFDknk

С 22 января по 26 января в средней школе имени Ахмета Байтурсынова прошла неделя русского языка и литературы под названием ,,Здравствуй Зимушка-зима!,, Все учащиеся школы принимали активное участие в различных конкурсах. Основная цель предметной Недели - повышение интереса к изучению русского языка и литературы, развитие у детей образного мышления, формирование познавательной, коммуникативной, творческой компетенций, воспитание любознательности, чуткости к красоте и выразительности родной речи.расширять представления детей о зиме; · развивать умение устанавливать простейшие связи.

https://www.facebook.com/share/v/fgDceKD3R2h6gSKm/?mibextid=oFDknk

Туыстық қарым-қатынасты нығайту, ағаның ініге деген қамқорлығын, мейірімділігін арттыру, бір-біріне құрметпен қарауға баулу, аға мен інінің жолы қандай екенін ұғындыру мақсатында "Ағаныңініге қамқорлығы" видеоролик түсірілді.

https://www.facebook.com/share/p/xYCmh6kQC4ZZgro7/?mibextid=oFDknk

А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектепте 2024 жылдың 1 ақпаны күні сағат 11:00-де жас өскелең ұрпақ 7-11 сынып оқушыларының арасында "Мен үлгі тұтатын адал адам" тақырыбында бірыңғай эссе жазу сағаты өткізілді.

Бірыңғай сағаттың өткізілу мақсаты - адалдық негізінде өскелең ұрпағымыздың өзіндік бағдарын анықтауына жол көрсететін тәлім-тәрбие беру.

Эссе жазу бірыңғай сағатына 7-11 сынып оқушылар арасынан 229 оқушы қатысты.

https://www.facebook.com/share/p/PuJaRbPDyDm42B51/?mibextid=oFDknk

Балалар омбудсмендері бастамашылық еткен "Дос бол LIKE: достық қолын ұсын" акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында 2024 жылғы 31 қаңтардан бастап іс-шара өткізілуде.

https://www.facebook.com/share/p/z1kVQkWzXgqyxQP6/?mibextid=oFDknk
https://www.facebook.com/share/v/mmrGdUeVmvuCwCJm/?mibextid=oFDknk
https://www.facebook.com/share/v/xsuu6NCWU7VWbuoa/?mibextid=oFDknk
https://www.facebook.com/share/v/ahiMTv8mZvX22GDs/?mibextid=oFDknk
https://www.facebook.com/share/v/88vwBm36yBJkhrbK/?mibextid=oFDknk
https://www.facebook.com/share/v/CyyFQTnKtVJyNU1J/?mibextid=oFDknk

"Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің" қоғамның қамқорлығы мен қолдауына мұқтаж, көңілін шер, қабағын мұң басқан, әр адамнан қайырымдылық, алақандарынан жылуылық сезімін күтетін жандарға қамшының сабындай қысқа өмірде шама-шарқың келгенше аялы алақан мен жан жылуын аңсайтын жандарға қол ұшын беру, жақсылық жасау, қолыңнан келіп тұрса қуаныш сыйлауға, мүмкіндігің жетіп тұрса қол ұшын созу мақсатында мектеп кітапханасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

https://www.facebook.com/share/p/CNt6RUeA8EVqADED/?mibextid=oFDknk

Бір мақал-бір бауырсақ - атты челендж

https://www.facebook.com/share/v/uQjHhPzocV4mJLho/?mibextid=oFDknk

Балалар омбудсмендері бастамашылық еткен "Дос бол LIKE: достық қолын ұсын" акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында 2024 жылғы 31 қаңтардан бастап іс-шарасы аясында "Достың да досы бар" тақырыбында мектеп ұстаздарына коучинг сабақ өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/UrCgQy2AmQvaa3jP/?mibextid=oFDknk

Балалар омбудсмендері бастамашылық еткен "Дос бол LIKE: достық қолын ұсын" акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында 2024 жылғы 31 қаңтардан бастап іс-шарасы аясында "Ұжымдық күш" тақырыбында мектеп ұстаздарына спорттық эстафета өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/mtPv7URePjkJcA6Z/?mibextid=oFDknk

Бастауыш сынып мұғалімі Ү.Ибрагимованың ұйымдастыруымен Мектеп кітапханасында "Бала жүрегі-кішкентай күйсандық"

тақырыбында 4 "А" сынып оқушыларына дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың дұрыс дамуына ықпал ету, баланың бойындағы ізгі қасиеттерін ашу, ата-анамен ашық байланысқа түсу.

https://www.facebook.com/share/p/E39tVVxHDJCtiHFm/?mibextid=oFDknk

2024 жылы 9 ақпанда мектеп оқушылары арасында "Жас суретшілер" байқауы өткізілді. Қатысқан оқушылар мадақтамамен марапатталды.

Мақсаты: оқушылардың көркем, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың кәсіби бағдарын ынталандыру үшін жағдай жасау; жас суретшілердің эстетикалық, гуманистік және патриоттық сезімдерін, әлемдік және отандық көркем мәдениеттің дәстүрлеріне жеке қызығушылығын тәрбиелеу; қосымша көркем білім беруді дамыту, білім алушының тұлғасын тәрбиелеуде, оқытуда және шығармашылықта дамытуда балалар көркем мектептерінің рөлін арттыру; шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді ақпараттық қолдау, көркем шығармашылық саласында балалармен жұмысты жетілдіру; қатысушылардың ой-өрісін кеңейту, өздерінің көркем қабілеттерін, дағдыларын, қиялын және даралығын көрсету мүмкіндігін арттыру.

https://www.facebook.com/share/p/XkNyjzRU5ugXYGiN/?mibextid=oFDknk

#Оқуға құштар мектеп

#Мен оқыған бір ертегі

Мен оқыған бір ертегі сайысына қатысушы 2 "Ә" сынып оқушылары! Сынып жетекшісі Смағұлова Қарлығаш!

https://www.facebook.com/share/p/fzq7VkYY94LtzPSM/?mibextid=oFDknk

Мектеп педагогтерінің өзін-өзі жетілдіруіне, бейімділіктерін дамытуға үйрету, рухани адамгершілікке тәрбиелеу, кәсіби және шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған "Дарынды балаларға -талантты ұстаз" аудандық педагогикалық олимпиадасында мектеп ұстаздары Жақсылықова Жансая, Оспанова Әсел, Бақтиярқызы Қарашаш жүлделі орындарға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңге сәттілік тілей отырып, жүлделі орынмен оралуларына тілектеспіз!

https://www.facebook.com/share/p/gLpMAQgo4E2zkMeo/?mibextid=oFDknk

2016 жылдың 25 тамыз айында Ахмет Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныбында ауданымыздың құрметті азаматы, Созақ ауданында әкімнің орынбасары және ауыл әкімі қызметінде жүріп, мәдениет бөлімінен зейнеткерлікке шыққан Әлиев Нажметдин атындағы оқу кабинетінің ашылуы өткен болатын. Бұл сыныпты ұлы Әлиев Талғаттың демеушігілімен жабдықталған.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында ұлы Алиев Жамбылдың бастамасымен қайта жаңарту жұмыстары жасалды. Атап айтатын болсақ, оқушылардың игілігіне жұмыс жасап, сыныпты толықтай жаңартты. Кабинеттің заманға сай жабдықталғанын атап айтуға болады. Әлиев Нажметдин мырзаның отбасына яғни ұлдарына мектеп басшылығы, ұжымы мен ұстаздары ризашылығымызды білдіреміз.

https://www.facebook.com/share/p/unQDANxNwzcC6CmW/?mibextid=oFDknk

Түркістан облысы білім басқармасының “Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы” бастамасымен 2023-2024 оқу жылындағы ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық

олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегері Созақ ауданы А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебінің 9 сынып оқушысы Бердібек Жансая Сейтбекқызы ағылшын пәні бойынша 2 дәрежелі дипломмен марапатталды ,жетекшісі Уалиева Ұлбосын Кеңесбекқызы.

https://www.facebook.com/share/p/cVEyXatBVSCgViF7/?mibextid=oFDknk

Алматы қаласында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы кеңейтілген кеңесте берілген Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру мақсатында 2024 жылдың 23 ақпан күні мектепте өткізу іс-шара жоспары әзірленіп, сейсмикалық жаттығулар ұйымдастырылып, өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/k9iC2G8wGgCMpzo5/?mibextid=oFDknk

Оқушыларды табиғатты қорғау, құстарға қамқорлық жасау, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында 28 ақпан күні еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Біз қамқоршы баламыз, құстарға ұя саламыз» атты акция ұйымдастырылып, оқушылар құстарға ұя жасап, талдарға іліп, жем шашып, қамқорлық жасады.

https://www.facebook.com/share/p/wEULv8qsVJfmtxGc/?mibextid=oFDknk

1 наурыз -Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне орай Созақ ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерінің қатысумен Азаматтық қорғаныс бойынша семинар өткізілді, семинар барысында төтенше жағдайлар туындаған кездегі қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру және қателіктерге жол бермеу мақсатында мектепте сейможаттығу өткізілді. Ауқымды іс-шараны мектеп директоры,Азаматтық қорғаныс бастығы Е. Сейдахметтің басшылығымен жоғары деңгейде атқарылды. Осы іс-шараны белсене ұйымдастырғаны үшін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Дауренбекова, мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары А.Бабиев, әскери жетекші Н.Шарафутдинов және дене шынықтыру ПӘБ жетекшісі Б.Жақсылықов Созақ ауданы ТЖБ бастығының алғыс хаттарымен марапатталды.

https://www.facebook.com/share/p/h14Gi8JL3VZYJBCb/?mibextid=oFDknk

Мектеп арасында ұжымдық шығармашылық негізінде психологиялық позитивті қарым-қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау мақсатында "Ару-ай, күн, жұлдыздайын нұр шашқан" тақырыбындағы педагог қыздар арасында сайыс өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/T9f9PWPnfhP8sFYK/?mibextid=oFDknk

Балалардың «Сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы жан – жақты түсіндіру,

үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту,

әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу

"алғыс күні" ұғымының мағынасын ашу, балалардың түсінуі, бұл ұғымдар маңызды болып табылады олардың әрқайсысы дамыту үшін мәдени құндылықтар мен адами қарым - қатынасын қалыптастыру мақсатында 1 наурыз алғыс айту күніне орай "Алғысым шексіз..." тақырыбында аудандық ардагерлердің қатысуымен 5-7 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен мектептің АКТ залында ауқымды іс-шара өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/oNE1BVyNUKUPoor8/?mibextid=oFDknk

"QAZAQSTAN HALQYNA ЖАЗДЫҚ ЖОЛДАМА-2024"

Мемлекеттік басшысы Қасым -Жомарт Тоқаев қолдаған Наурыз мейрамын мерекелеу тұжырымдамасына сәйкес 15 наурыз күні "Қайырымдылық" тақырыбы белгіленді.

Бұл күнді қайырымдылық, мейірімділік және тату көршілікті насихаттау тақырыбына арнау ұсынылды.

"Qazaqstan halqyna жаздық жолдама-2024" қайырымдылық жобасы аясында Созақ ауданының білім бөлімінің "А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп оқушылары жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген және мектеп өміріне белсене араласатын 10 оқушыға балалар лагеріне жолдама сертификаты тапсырылды.

https://www.facebook.com/share/p/J4kGxdpuQgrzXQ2n/?mibextid=oFDknk

Көрісу — адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Осыған орай мектепте 14 наурыз күні мектеп оқушылары арасында "Көрісу күні-Амал мерекесі" өз дәрежесінде аталып өтті.

https://www.facebook.com/share/p/kszUzCrhhdMRrTL4/?mibextid=oFDknk

Армысың, әз - Наурыз!

А.Байтұрсынов атындағы ЖББМ -тің 8 ”В” сынып оқушыларының қатысуымен сынып жетекшісі Ұ. Уалиеваның ұйымдастыруымен 19 наурыз күні оқушыларды Наурыз мерекесінің ерекшеліктерімен, қазақтың салт-дәстүрлерімен таныстыру;

Өз халқының салтын ұмытпай, жалғастыра білуге баулу мақсатында "Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/Ggu5Js2PCqHnLoQU/?mibextid=oFDknk

Дәстүрлі түрде Наурыз мерекесін жаппай тойлау "Наурызнама" іс-шараларының аясында "19 наурыз-Жаңару күнін" лайықты атап өту барысында бұл күні еліміздің жаңа тарихында мемлекет пен қоғамда түбірлі өзгерістерге бетбұрыс сәтті басталсын деген ниетпен мектепте көктемгі ағаш егу дәстүрін салтанатты түрде өткізді. Аталған іс-шараға "Жаңа көшеттер-жаңа идеялар-мемлекет дамуындағы жаңа кезең" деген мән беріп, негізделді.

https://www.facebook.com/share/p/Xg34D4BWUNrXtJm3/?mibextid=oFDknk

5 ә сынып оқушыларының ұйымдастыруымен ӘЗ - НАУРЫЗ мерекесіне арналған С.Қожанов атындағы аудандық мұражайда "Ата - ана, оқушы, ұстазбен бірлескен, үштік одақтың, тұсау кесер челленджі өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/No1FTr7qiXpQA1o9/?mibextid=oFDknk

Көгілдір көктемнің хабарын жеткізген, Самарханның көк тасы еріп, күллі дүниеге жан бітірген Наурыз мерекесіне орай «Ұлы күні Ұлыстың, басы болсын ырыстың!» тақырыбында 8 ә сынып оқушылары ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды насихаттау мақсатында меркелік іс-шара өткізді.

https://www.facebook.com/share/p/SAX98yG7HNy8v2pu/?mibextid=oFDknk

Бұл күн еліміздің халқын мейірімділік пен тату көршілікке шақырады. Мұқтаж жандарға қол ұшын созу, кімге болсын құшағын жайып, қонақжайлық көрсету – қазақтың қанында бар қасиет.

Наурызды мерекелеу кезінде бұл қасиеттерді барынша кеңінен насихаттау мақсатында 15 наурыз күні сынып оқушылары

арасында "Қайырымдылық" күні ұйымдастырылып, өткізілді.
https://www.facebook.com/share/p/eHf4c4xwwdcvxnwH/?mibextid=oFDknk

Шаңырақ – отбасы белгісі, сондықтан да қазақ халқы жас жұбайлардың отау құрып, шаңырақ көтеруіне ерекше мән берген. Ата-бабаларымызда "Шаңырақ көтеру" атты ерекше салт-дәстүр болған. Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасы аясындағы "Шаңырақ" күні жалпыұлттық отбасылық құндылықтар мен кіршіксіз махаббат күніне айналады деуге негіз бар. Осы мақсатта мектепте 17 наурыз күні "Шаңырақ" күнін өткізді.
https://www.facebook.com/share/p/wfv1dSkrqJfSUeXU/?mibextid=oFDknk

18 наурыз – Ұлттық киім күні. Яғни бұл күн ұлттық киімге арналады. Сан ғасырлар бойы қазақтың ұлттық киімі қарапайымдылығымен және ұтымдылығымен ерекшеленеді. Ұлттық киім үлгісінде пайдаланылатын былғары, жүн, киіз, мата сияқты табиғи материалдар, асыл тастар мен металдар адамға жылулық пен жайлылық сыйлаумен қатар, киім иесінің атақ-дәрежесін, абыройын көрсететін. Бүгінде қайтадан сәнге айнала бастаған ұлттық киімдеріміз жастардың арасында кең тарату мақсатында "Ұлттық киім" күні ұйымдастырылып, өз дәрежесінде өткізілді.
https://www.facebook.com/share/p/bD4m6s5mjfkTkArZ/?mibextid=oFDknk

Ұлттық спорт түрлері еліміздің брендіне айналған. Қазақ халқы ежелден барлық мерекеде жарыс ұйымдастырған. Елімізде бәйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, теңгеге ілу, құсбегілік және тоғызқұмалақ, асық ату, садақ тарту турнирлері сияқты ұлттық спорт түрлері тез танымал болып, көпшіліктің қызығушылығын ояту мақсатында мектеп оқушылары арасында 20 наурыз күні "Ұлттық спорт" күні іс-шарасын ұйымдастырып өткізді.
https://www.facebook.com/share/p/cBa2H18zoNFLJWon/?mibextid=oFDknk

Ертең "Таза Қазақстан" акциясы бойынша  Түркістан облысының күні! Соған байланысты Созақ ауданының білім бөлімінің "А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ -нің қызметкерлері тазалық жұмысына кірісіп, сенбілік өткізді. Сенбілікке сабақтан тыс уақытта бос мұғалімдер мен кіші қызметкерлер және ата-аналар тартылды.
https://www.facebook.com/share/p/pMhkszBz9dHzURe4/?mibextid=oFDknk

Бүгін А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебінде  Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру заңына сәйкес оқушыларға  үгіт насихат жүргізілді. Еліміздің ертеңі өскелең ұрпақтың қолында екені, отансүйгіштікке, ел қорғаны болу ер азаматтың басты парызы екені оқушыларға түсіндірілді.
https://www.facebook.com/share/p/ZrGWzvZWzyFJLG6c/?mibextid=oFDknk

СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ 

"Таза Қазақстан. Түркістан-тазалық пен тәртіптің үлгісі" аясында сенбілік жұмыстары жүргізілді. Сенбілікке мектеп қызметкерлері, ата-аналар мен көше тұрғындары жұмыс жасады.

Жалпы сеңбілікке 60 тан  аса қызметкерлер қатысты.
https://www.facebook.com/share/p/SE7eLUDFrRK2B9eC/?mibextid=oFDknk

Мемлекет басшысының тапсырмасымен республика бойынша жүріп жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына Түркістан облысы да белсене қатысуда. Акцияға облысқа қарасты аудан/қала жұртшылығы мен Түркістан облсының білім басқармасына қарасты барлық білім беру ұйымдары мен мекемелері өз үлестерін қосып, тазалық жұмыстарына белсене кірісті.

Акцияның басты мақсаты – қоршаған орта мен тұрғындар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, азаматтық жауапкершілікті арттыру, экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру және нығайту мақсатында құрылған қоғамдық игілікке ұқыптылықпен қарау қағидаттарын қалыптастыру.

22-27 сәуір аралығында өтіп жатқан «Жасыл аймақ» апталығы шеңберінде көшет отырғызу, ағаштарды әктеу жұмыстары қызу жүргізілуде.

Сондықтан облыс тұрғындарын, жастарын алдағы апталықтарға да белсенді қатысуға шақырамыз!

https://www.facebook.com/share/p/XydfBEXSQj3uDqgH/?mibextid=oFDknk

Мемлекет басшысының тапсырмасымен республика бойынша жүріп жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына Түркістан облысы да белсене қатысуда. Акцияға облысқа қарасты аудан/қала жұртшылығы мен Түркістан облсының білім басқармасына қарасты барлық білім беру ұйымдары мен мекемелері өз үлестерін қосып, тазалық жұмыстарына белсене кірісті.

Акцияның басты мақсаты – қоршаған орта мен тұрғындар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, азаматтық жауапкершілікті арттыру, экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру және нығайту мақсатында құрылған қоғамдық игілікке ұқыптылықпен қарау қағидаттарын қалыптастыру.

22-27 сәуір аралығында өтіп жатқан «Жасыл аймақ» апталығы шеңберінде А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ-нің ұжымының қызметкерлері Абылай хан көшесінің бойында орналасқан электр бағаналарын сырлау жұмыстарын және де мектеп ауласында тазалық жұмыстары мен гүл отырғызу жұмыстарын қызу жүргізді.

https://www.facebook.com/share/p/DdaLEufbG4tkxavX/?mibextid=oFDknk

Оқушылардың демалыс аймақтарына баруына жол бермеу, әрбір оқушының жүріс-тұрысына бақылауды күшейту мақсатында мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен ата-аналарға жиналысы өткізілді.

https://www.facebook.com/share/p/G2JJuhcpVyawJd6y/?mibextid=oFDknk

Мемлекет басшысының тапсырмасымен республика бойынша жүріп жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы барысында өткен «Жасыл аймақ» апталығы шеңберінде А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ-нің 11 сынып түлектері мектеп ауласында тал егу жұмыстарын жасады.

https://www.facebook.com/share/p/g4WYvi7aZocMmjNF/?mibextid=oFDknk

Қылмыс көп орын алатын аумақтар мен ойын-сауық орталықтарында бақылауды күшейту мақсатында мектеп мұғалімдерінен рейдтік кезекшілік ұйымдастырылды.

https://www.facebook.com/share/p/BZNCLu3q646BojAE/?mibextid=oFDknk

Созақ АПБ қызметкерлерінің қатысуымен 9-11 сынып оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында тауға шықпау, түнде ата-анасыз жүрмеу, ойын-сауық орталықтарына бармау, тойхана, кафелерде жұмыс істемеу, зиянды әдеттерден аулақ

болу т.б. мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жан-жақты түсіндірме жұмыстары жасалынды.

https://www.facebook.com/share/p/Pfdw1MmBtewEpdzr/?mibextid=oFDknk

БІЛІМІМ – ОТАНЫМА!» ТАҚЫРЫБЫНДА ЖАЛПЫРЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІРЫҢҒАЙ СЫНЫП САҒАТЫ ӨТКІЗІЛДІ

Бүгін Созақ ауданының білім бөліміне қарасты барлық мектепте 2023-2024 оқу жылын қорытындылау мақсатында «Білімім – Отаныма!» жалпыреспубликалық бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының концепциясы мен сценарийін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген болатын.

Балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу мақсатында өткен тәрбие сағатына 1-10 сынып аралығындағы барлық білім алушылар қатысты.

Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің жалпыреспубликаның білім алушыларына құттықтау сөзін тыңдап, республика бойынша балаларының жетістіктері туралы видеоролик қойылды.

Сонымен қатар, мектеп окушыларды жақсы қасиеті, үлгілі істері, ерлік көрсеткен тұстарына ерекше назар аударып, оқу жылының қорытындысы бойынша үздік оқушыларды марапаталды.

Ал, 9, 11 сыныптың түлектері «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа қадамы туралы эссе жазды.

https://www.facebook.com/share/p/7CRsZi7CEgnFp9KQ/?mibextid=oFDknk

Созақ ауданының білім бөлімінің "А. Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде

25 мамыр күні "Мектебім, саған мың алғыс" тақырыбында мектеп бітіруші түлектерге арналған соңғы қоңырау мерекесі өткізілді. Салтанатты іс- шараға ұстаздар, ата аналар және қонақтар қатысты.Салтанатты жиынды мектеп директоры Сейдахмет Ержан Артықұлы құттықтау сөз сөйлеп, жас түлектерге ақ жол тіледі. Сонымен қатар оқушылардың жыл бойы қол жеткізген жетістіктеріне жеке-жеке тоқталып өтті. Атап айтар болсақ пәндік олимпиадалар мен спорттық жарыстардың жүлдегер, жеңімпаздарына алғыс білдірді. 2023-2024 оқу жылында 30 жас түлек сәтті аяқтап, үлкен жолға қанат қаққалы тұр.Оның ішінде мектебімізден 2 оқушы "Алтын белгі" белгіге үміткер ретінде ұсынылып отыр.

https://www.facebook.com/share/p/upAbmwaicfpVYS3k/?mibextid=oFDknk

Құқықбұзушылық бойынша көрсеткіш деңгейі, мектептегі оқушылар саны Созақ аудандық ПБ есепте тұратын оқушылар, мектепішілік есепте тұратын оқушылар құқықбұзушылық бойынша көрсеткіш деңгейі

| Оқу жылы бойынша | Мектептегі оқушылар саны | Аудандық ПБ есепте тұратын оқушылар | Мектепішілік есепте тұратын оқушылар |
|---|---|---|---|
| 2021-2022 | | 0 | 3 |
| 2022-2023 | | 0 | 5 |
| 2023-2024 | | 0 | 2 |

| Оқу жылы бойынша | Орын алған қылмыс саны | Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыруы | Кентау қаласы әкімі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және оларды құқықтарын қорғау комиссиясына ұсынылған материал |
|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 0 | 0 | 0 |
| 2022-2023 | 0 | 0 | 0 |
| 2023-2024 | 0 | 0 | 0 |

| Оқу жылы бойынша | Барлық қаза болған саны | Аяқталған суицид | Суицидке ұмтылған бала саны | Ерте жүктілік | Зорлық зомбылық |
|---|---|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 2022-2023 | 1 | 0 | 0 | 1 | 0 |
| 2023-2024 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |

**2021-2022**, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында мектепте "Мектеп Парламенті" құрылды, арнайы бұйрық шығарылды, жауапты педагог қызметкрлер бекітілді, жоспар жасалынды.
2021-2022 оқу жылының Президенті-11 «А» сынып оқушысы – Аманкелді Диас; 2022-2023 оқу жылының Президенті-11 «А» сынып оқушысы – Әбдіәшім Ерсайын, 2023-2024 оқу жылының Президенті – 11 «А» сынып оқушысы Сержанов Ерхан

«Өзін өзі басқару» ұйымының ВИЦЕ ПРЕЗИДЕНТІ - 11 «А» сынып оқушысы Қадыр Айдын, білім және тәрбие фракциясы – 9 «Б» сынып оқушысы Амангелді Нұрай, Ақпарат фракциясы – 9 «Б» сынып оқушысы Сахи Каусар, Спорт және салауатты өмір салты фракциясы – 11 «А» сынып оқушысы Болат Нұрасыл, Баспасөз фракциясы - 9 «А» сынып оқушысы Нұрғали Жанеля, Денсаулық фракциясы - 10 «Ә» сынып оқушысы Тайыр Ерсайын, Мәдениет және өнер фракциясы - 10 «А» сынып оқушысы Төлбасы Аида, Төтенше жағдайлар фракциясы - 10 «Ә» сынып оқушысы Жалғасғалиұлы Думан, Қорғаныс фракциясы – 10 «Ә» сынып оқушысы

Ордабай Ерасыл, Экология және еңбек фракциясы - 10 «Ә» сынып оқушысы Камал Айша. Мектебімізде «Өзін өзі басқару» ұйымы қарқынды жұмыс атқаруда.

**Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық- патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру**

| № | Мектеп атауы | Үйірме аты пәні | Қосымша білім беру педагогы | Штат жүктеме | Үйірмеге тартылған бала саны | | қатысатын оқушылардың сыныптары | Қатысу уақыты | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ұл | Қыз | | басталуы | аяқталуы |
| 1 | А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп | "Үстел теннисі" | Асылханов Қайрат | 0,5 | 2 | 6 | 8 - 10 сыныптар | 15:30 | 17:30 |
| 2 | А.Байтұрсынов | "Шебер қолдар" | Раманқұлова Ақбота | 0,5 | | 12 | 6 сыныптар | 10:00 | 11:35 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | атындағы жалпы білім беретін мектеп | | | | | | | | |
| 3 | А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп | "Жас эколог" | Жақсылықова Жансая | 0,5 | 7 | 8 | 8 сыныптар | 15:00 | 16:35 |
| 4 | А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп | "Волейбол" | Жиентай Біржан | 1 | 25 | | 5 - 11 сыныптар | 9:00 | 17:25 |
| 5 | А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп | "Шешендік өнер" | | 0,5 | 2 | 13 | 5-6-7 сыныптар | 9:00 | 10:35 |
| 6 | А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп | "Информатика әлемінде" | Кеңесова Айдана | 0,75 | 7 | 13 | 9 сыныптар | 15:00 | 16:35 |
| 7 | А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп | "Тірі ағзаны модельдеу" | Нұрманова Гүлжан | 0,5 | 10 | 5 | 5-6-7 сыныптар | 9:40 | 12:10 |
| 8 | А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім | "Speaking club" | Оразбаева Жаңыл | 0,5 | 11 | 7 | 5-6 сыныптар | 10:00 | 11:45 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | беретін мектеп | | | | | | | | |
| 9 | А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп | "Speaking club" | Рахым Айсұлу | 0,5 | 8 | 9 | 5 сыныптар | 10:00 | 11:45 |
| 10 | А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп | "Жас эколог" | Акбар Айнұр | 0,5 | 7 | 8 | 5-7 сыныптар | 9:40 | 11:20 |
| | | | | **5,8** | **79,0** | **81,0** | | | |

**4. 3. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.**

**2023 -2024 оқу жылы** Түркістан облысының білім басқармасының 2023 жылғ 31 тамыздағы №40-01-04/6669 хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №01-2-15/5174-И хатына сәйкес меншік нысанына және ведомоствалық бағыныстылығына қарамастан 2023 – 2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды.

2023 -2024 оқу жылының басталуы - 2023 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленді, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді.

Оқу жылының ұзақтығы бірінші сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып , қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күніне ауыстырылды. Оқу жылының барысындағы каникулдар: 1-11 сыныптарда : күздік каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қараша аралығында), қысқы каникул –10 күн

(2023 жылғы 29 желтоқсан – 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21-31наурыз аралығында). 1 сыныптарда: қосымша каникул - 7 күн мерзімде (2024 жылғы 5 – 11 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленді.

## 5. Оқу – материалдық активтер

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Абылайхан көшесінде 3-қабаттан , 2 ғимарат типтік жобада салынған. «А» және «Б» ғимаратында орналасқан. Мектеп ірге тасы бетоннан, ішкі және сыртқы тұрақты қабырғалары кірпіштен, аражабыны ағаштан, шатыры чирипица тақтадан, есіктері ағаштан, терезелері пластиктен соғылған. Мектепте «А» және «Б» ғимаратында 26-оқу бөлмесі, 2-компьютер бөлмесі, қосымша персоналдарға арналған кабинеттер, 1-кітапхана, 1-спортзал, 2-шеберхана, 1-мәжіліс залы, гардероб, қосалқы бөлмелер, санитарлық тораптар, медициналық қызмет көрсету, бөлмесі, асхана және спорт алаң, шаруашылық аумақта от жағатын ғимарат, аулалық 10-орындық әжетхана қарастырылған. Мектептің жобалық қуатына сәйкес сыныптарда бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метр нормасына сәйкес келеді. Спорт залдардың ауданы 201,78 м2 мұнда ұлдарға және қыздарға арналған бөлмелер қарастырылған, ұлдардың және қыздардың бөлмесінде киім ілгіштер қойылған. Спорт залдың еденіне ағаштан ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретіндей бүтін. Жылыту жүйесі радиаторларында терезе мен жарық құралдарында қоршау қондырғылары бар. Барлық үй-жайларда еден, төбе және қабырға беттері талапқа сай. Жиһаздар мен жабдықтар, спорт алаңындағы жабдықтар балалардың бойы мен жас ерекшелігіне сәкес келеді. Мектепте өндірістік 2-оқу шеберханасы қарастырылған қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қолданыстағы гигиеналық нормативтердің талаптарына шу деңгейінің зертханалық өлшеу нәтижелері сәйкес келеді. Химия пәніне тәжірибе жүргізу үшін пайдаланатын химиялық реагенттер, қышқылдар, сілтілер таңбаланған жауапты адамның бақылауымен арнайы орында қойылған. Мектепте орталықтандырылмаған ауыз сумен жабдықтау көзделген, олар жарамды жағдайда.Техникалық суға аумғаныдағы тереңдетілген құдық суын пайдаланады, ыстық суға 2-«Аристон» қондырғысы орнатылған. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін басшының бұйрығымен жауапты адам тағайындалған. Қолданыстағы гигиеналық нормативтердің талаптарына судың химиялық және микробиологиялық зертханалық зерттеу нәтижелері сәйкес келеді. Оқушылардың, персоналдың қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі бар санитайзерлер орнатылған. Оқушылар мен қызметкерлерге арналған санитариялық тораптарда дозаторларда сабын, дозаторларда қолға арналған дезинфекциялық құралдар, бір реттік қағаз сүрткіштер, қол жуу қағидалары бар плакаттар ілінген. Кәріздеу жүйесіне су бұру құрылғысы көзделген, сарқынды сулар шаруашылық аумағында орналасқан шұңқырға жиналады, септиктің беті жабылған, айналасы қоршалған. 1-ші қабаттарда дәретхана 14-унитаз, ұлдар дәретханасында 3-писсуар латогы, персоналдар үшін бөлек дәретханалар қарастырылған. Мектепте ішіне, сыртына бейне камералар қойылған.

Мектепте 1-11 сыныптарда 610 оқушы оқиды, мектепалды даярлық сыныптарында 62 бала, 36 сынып-комплект. Бастауыш кезеңінде 1-4 сыныптарда – 270 оқушы (16 сынып-комплект), негізгі орта кезеңде 5-9 сыныптар – 273 оқушы(17 сынып-комплект), жоғарғы кезең 10-11 сыныптар (61оқушы (4 сынып-комплект).

### 1. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.

**2023-2024 оқу жылы.**

Тәрбие мен білім егіз ұғым десек, жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы.Мектеп кітапханасы өз жұмысында «Білім туралы Заң», «Кітапхана ісі туралы Заң», «Мектеп кітапханасы туралы ережені» басшылыққа алады. Мектеп

кітапханасы «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» негізделген, мектеп директоры бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді.
Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары:

оқу және тәрбие процесін кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудің барлық түрлері мен және әдістерімен қамтамасыз ету;
кітапқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу және оқу мәдениетін қалыптастыру, баспа басылымдарына ұқыпты қарау;
оқу пәндерін табысты оқу, сөйлеу мен ойлауды, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттерді дамыту мақсатында оқушыларды оқуға тарту.

**Оқырмандармен жұмыс**

Кітапхана мектеп әкімшілігі бекіткен жұмыс графигімен жұмыс жасайды:
Оқырмандарға қызмет көрсету уақыты: 9.00-18.00. Үзіліссіз.
Жыл бойына 520 оқырман тіркеліп қызмет көрсетілді.
Оқырмандардың келіп кетуі: 4900
Кітап берілімі: 9750
2023-2024 оқу жылында бастауыш сынып оқушылары мен 5-6 сынып оқушыларының кітап оқу белсенділігі біршама артып отыр
**Кітапхананың кітап қоры туралы мәлімет**: . Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44, 2022 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі– 100%. Әдеби кітаптардың көбеюі оқырмандардың санының артуына септігін тигізді.Оқу әдебиеттері қоры сыныптар бойынша бөлек орналасқан. Оқу жылында оқушылар 100% оқулықтармен қамтылды. Көркем әдебиет қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Кітапхананың жалпы кітап қоры-22196 , оның ішінде оқулықтар-21186, көркем әдебиеттер қоры-1010. Қолданыстағы оқулықтардың сақталу жағдайы қанағаттандырарлық.Сәуір,мамыр айларында **«Балалар кітапханасы», «ETANDAU.GOV.KZ»** электронды платформаларында жұмыс жүргізіліп, 299 аталым,389 дана көркем әдебиетке, және 2024-2025 оқу жылына 3-сыныпқа арналған жаңадан басылып шығатын оқулықтарға тапсырыс берілді. Сонымен қатар қайта басылып шығатын және жетіспейтін оқулықтарға тапсырыс берілді

**2023-2024 оқу жылы бойынша стат есеп:**

| № | Көрсеткіштер | Саны |
|---|---|---|
| 1 | Мектеп кітапханасының саны | 1 |
| 2 | Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиетті, кітапшаларды, журналдарды қосқанда) | 21719 |
| 3 | Оның ішінде мектеп оқулықтар саны | 20709 |
| 4 | Көркем әдебиеттер саны | 1010 |
| 5 | Оқырмандар саны | 520 |
| 6 | Кітапханаға оқырмандардың келу саны | 4900 |
| 7 | Кітап беру саны | 9750 |
| 8 | Кітапханашылар саны | 2 |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Оқу залының саны | 1 |
| 10 | Оқу залында отыратын орын саны | 20 |
| 11 | Кітапхана ауданы /шаршы метр/ | 86,2 кв.м. |

Мектеп кітапханасы «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» негізделген, мектеп директоры бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді. Осы орайда мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында білім алушылармен мектеп ұжымымен, сынып жетекшілермен және ата-аналармен бірлесе сыныптан тыс іс-шаралар іске асырылды.

Кітапхана қызметінін маңызды бағыты тақырыптық кітап көрмелері арқылы кітаптарды насихаттау Оқырмандардың кітапханаға деген қызығушылығын ояту, кітап оқуға қызықтыру мақсатында жыл көлемінде жылдың атаулы күндерімен мерейтой иелеріне арналып ақпараттық кітап көрмелері мен таныстырылымдар өткізіліп тұрады. Оқу жылы басынан жылдың мерейтой иелерін насихаттау мақсатында «Тарихи тұлғалар тағылымы», «Ұлы дала данасы», «А.Байтұрсынов-тіл туының тұғыры», бастауыш сынып оқушыларына арналып «Балаларға базарлық» атты мобильді кітап көрмелері жасақталып ұсынылды

Қазан айында «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік» тақырыбымен көрме жанындағы әнгіме шолу өткізілді . Бағдарламасы*:*

1. Мұғалім мәртебелі мамандық –мамандық туралы әңгіме
2. Ұстаздар бейнесі-көркем әдебиетте-көрме жанындағы шолу
3. Ұстазым саған мың алғыс-оқушылардың жыр шашуы
4. Мен ҰСТАЗБЫН- сыр сұхбат сұрақтары

Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету. Мектеп, тәрбие, ұстаз мәселелері туралы ақпарат көздерімен, әдеби көркем шығармалармен таныстыру.

Өту барысы: Мектеп фойесіне мерекелік безендірілуімен кітап көрмесі жасалынды көрме жанында ақпараттық баяндама оқылып, оқырмандарды әдебиеттермен таныстырылды. Ұстаздарға түрлі сұрақтар қойылып, ұтымды жауап берген ұстаздарға шағын сыйлықтар





берілді.

Қазан айында жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіріп, ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу мақсатында, мектеп

фоесінде 25 қазан Республика күніне орай мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Елім менің Қазақстаным», «Ұлт мақтаны-Алаштың арыстары» атты кітап көрмелері жасақталып, ақпараттық әңгіме шолу өткізілді. Шолу барысында кітапханашылар Ұлттық мерекеміз Республика күнінің маңызы, Мемлекеттік Рәміздер мен еліміздің табиғи орындары мен көрікті жерлері, ұлт мақтанышына айналған даңқты жазушыларымыз бен өнер, ғылым, спорт саласындағы қазақстандықтар туралы ақпараттармен таныстырды. Оқушылар Отан, туған жер туралы белгілі ақындардың өлеңдерін оқып, додекаэдр әдісімен жасалған сергіту сәтінде сұрақтарға жауап беріп жүлделер алды







Қазан айында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Жақұты барға жасын түспейді» тақырыбымен алаш қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, артына өшпес мол мұра қалдырған қаламгер Мағжан Жұмабаевтың туғанына130 жыл толуына арналған әдеби сағаты өткізілді

Мақсаты: Оқушыларды қазақтың ұлы ақындарының бірі – Мағжан Жұмабаевтың өмірімен, шығармашылығымен таныстыру, шығармаларын үлгі ете отырып, отансүйгіштікке, сұлулыққа тәрбиелеу. оның поэзиясына деген сүйіспеншілікті ояту, патриоттық сезімдерін дамыту

Өту барысы: Іс - шара барысында оқушыларға «Ұлтын сүйген ұлы жүрек» атты бейнеролик көрсетіліп, кітапханашы Утембаева ақынның өмір жолы мен шығармашылығы туралы әңгіме шолу жасады, 8ә сынып оқушылары ақынның «Түркістан», «Мен жастарға сенемін», "Қазақ тілі", "Қазағым менің" т.б өлеңдерін мәнерлеп оқыды, "Алаштың сөнбес жұлдызы" атты кітап көрмесімен танысты
https://www.facebook.com/?ref=homescreenpwa






Желтоқсан айында «Жүсіпбек Аймауытов суреткер – жазушы» атты әдеби сағаты өткізілді
Мақсаты: Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру, жазушының азаматтық тұлғасы, туған халқына, оның әдебиеті мен мәдениетіне сіңірген еңбегін дәріптей отырып, оқушыларды елін, жерін сүйе білуге баулу. Адамгершілікке, қайырымдылыққа,

имандылыққа тәрбиелеу. Жазушы өмірін үлгі ету арқылы әдебиетті сүюге баулу. Қазақтың көрнекті жазушысы, әңгіме жанрының хас шебері, ақын Бейімбет Майлин «Сегіз қырлы, бір сырлы, мен Жүсіпбектей шебер жазушыны көрген емеспін».деп баға берген қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнекейдің жазығы» секілді қазақ әдебиетіндегі айтулы туындылар туған Жүсіпбек Аймауытов ұлтшылдылдармен байналыста болды деген жаланы арқалап, қуғын-сүргінге ұшыраған тұлға. Ол 1929 жылы басталған тергеуден кейін 1931 жылы сырттай ату жазасына кесіледі. Бірақ, кеңестік қуғын-сүргіннің құрбаны болған Жүсіпбек Аймауытов осынау қысқа ғұмырында халқына аса  үлкен бай мұра қалдырып кетті.














16-желтоқсан Тәуелсіздік күні қарсаңында «Көк тудың желбірегені» атты тарихи-танымдық кітап көрмесі жасақталып оқырмандарға ұсынылды. Кітап көрмесіне тарих толқынында талайды бастан кешірген еліміздің тәуелсіздігінің тарихы мен тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктері және қарқынды дамуы туралы әдебиеттермен көркем суретті ақпараттар қойылды.Кітап көрмесі жалпы пайдаланушыларға арналған

Мақсаты: Оқушыларға тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата – бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында елтарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен таныстырып, білгендерін тереңдету.

.facebook.com/profile.php?id=100049266154089

  

Желтоқсан айында "Оқуға құштар мектеп" жобасымен «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді пайдаланып, қысқы демалыста көркем әдебиет оқуын ұйымдастыру мақсатында, мектеп фойесінде «Қыс қызығы кітапта», «Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз», атты ұсыныстық кітап көрмесі жасақталып, акцияның мақсаты түсіндіріліп , оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар берілді Мақсаты: оқушылардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыру, оқу құзыреттілігін дамыту, шығармашылығын арттыру. Кітап оқуға баулу.
Қысқы демалыс күндері оқыған кітаптары бойынша 2-4 сынып оқушылары арасында «Мен оқыған бір ертегі» сайысы өткізілді.
https://www.facebook.com/profile.php?id=100049266154089

    



Қаңтар айында қысқы демалыс күндері оқыған кітаптары бойынша 2-4 сынып оқушылары арасында «Мен оқыған бір ертегі» сайысы өткізілді. Мақсаты:оқушыларға ертегі туралы түсінігін қалыптастыру, ертегілердің кейіпкерлеріне мінездеме бере білуге үйрету.

оқушылардың ойлау, есте сақтау, еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сайысқа әр сыныптан 4 оқушыдан құралған бір топ қатысты. Оқушылар «Ерте, ерте, ертеде», «Кейіпкерлер әлемі», «Өзіміз ертегі жазамыз» , «Көгершіннің сұрақтары” кезеңдері бойынша сайысқа түсті
facebook.com/profile.php?id=100049266154089








Қаңтар айында «Кітап оқитын адам табысты адам» атты 9-10 сынып оқушылары арасында пікір алмасу сағаты өткізілді
Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, құрмет, сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, дамыту. Әрбір оқырманның өмірінде кітаптың алар орны ерекше екенін түсіндіру, кітап оқуға және табысты болуға шақыру.

Өту барысы:

1.«Кітап оқу—табыс пен жетістіктің негізі кілті» - кітапханашының кіріспе баяндамасы
2. «Кітап оқудың адамға тигізер пайдасы қандай?» - анимациялық видео
3. «Кітап менің өмірімде» - қонақтармен оқушылардың пікір алмасуы
4. «Бәріде кітап туралы» -сергіту сәті
5. «Жетістікке жетелейтін КІТАПТАР» -жаңа кітаптарға шолу

Шараға қатысушылар

Кітап оқу сәнді ме? Бізге не оқу керек? Соңғы оқыған кітабың қандай? Қайсысын қалайсың: кітап оқуды, теледидар көруді, компьютерде ойнауды? Қандай тақырыптағы шығармаларды оқығанды қалайсың? Қазіргі таңда оқып жатқан кітабыңыз? Өсіп келе жатқан жасөспірімдерге замандастарыңызға Сіздің ұсынатын үш кітабыңыз. Қандай кітап оқуға оқуға кеңес бересіз? Сіз үшін «кітап оқудың пайдасы» қандай? деген сұрақтар төңірегінде ойларын ортаға салып,пікір алмасты.https://www.facebook.com/a.baitursynov

   

   

Ақпан айында «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» негізделген, «Сырлы Созақ, жырлы Созақ,-бұл Созақ» атты әдеби қонақжай өткізілді . Әдеби қонақжайдың қонақтары: Талантты жерлес-ақындарымыз,  Қазақстан Республикасының Журналистер одағының, Жазушылар одағының мүшелері, бірнеше жыр жинағы мен прозалық еңбектерімен танымал қаламгерлер - Гүлнар Өмірбек пен Мақсат Қарғабай.
Мақсаты: оқушылар арасында өлкеміздің әдебиетін,мәдениетін, тарихын дәріптей отырып, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген қаламгерлеріміздің өрнегі мол жырларын оқуға насихаттау, олардың өнегелі өмір жолдарын, шығармаларын, өскелең ұрпаққа өнеге тұтып, жастардың кітап оқуға деген құлшынысын арттыру.
Іс-шара барысында ктапханашылар «Туған өлке-жұмбақ өлке»-атты өлке туралы видео шолумен таныстырып, «Әдеби  Созақ әлемі» –атты кітап көрмесін ұсынды. «Өлке өрнегі өлеңде» –атты бөлімде-8ә сынып оқушылары, (сынып жетекшісі Ж.Жақсылықова) жергілікті ақындардың шығармаларын мәнерлеп оқып, күйлерін орындады, «Ақын елдің ардағы»-атты сыр-сұхбат бөлімінде кеш қонақтары оқушылардың қойған сұрақтарына жауап бере отырып, өлке әдебиеті мен өз шығармашылықтары жайында  әңгімеледі.Кеш соңында ақын М.Қарғабай мектеп оқушыларына арнаған арнауын домбырамен орындап берді
https://www.facebook.com/profile.php?id=100049266154089

   

 

Ақпан айында мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап – мәңгілік парасаттың киелі ғибраты» атты 8-10 сынып оқушылары арасында пікірталас өткізілді. Мақсаты: оқушылардың рухани байлығын дамытып, мәдениетті, парасатты, рухани ойлауы терең, бауырмал, мейірімді ұрпақты тәрбиелеу; кітапты сүйе білуге, қадірлеуге баулу, кітапхананың кітап қорын әдебиеттермен толықтыру,оқырман мен кітапхана арасын нығайту.

Бағдарламасы:

Кітап парасаттылыққа үйретеді-кітапханашының кіріспе әңгімесі. А.Баймұхамедов «Тастамашы Ана» - кітабын әдеби талдау

Ғибраты мол кітаптар –кітап көрмесі, библиографиялық шолу, мектеп кітапханасына келген жаңа көркем әдебиеттерді оқырмандарға таныстыру https://www.facebook.com/a.baitursynov



 









Наурыз айында «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында 5А сынып оқушыларының қатысуымен (Сынып жетекшісі А.Бауыржанқызы) «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» атты тапқыр достар ойыны өткізілді

Мақсаты: Мақал-мәтел,жұмбақтар айту арқылы оқушыларды көркем, ұтымды сөйлеуге үйретіп, олардағы негізгі ойды түсіндіру. Адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеу.Ата-бабаларымыздың өсиетін қадір тұтуға, мақал-мәтел, жұмбақ, шешендік өнер арқылы өз елінің тарихын білу, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді сыйлауға баулу.
Іс-шара барысында оқушылар мақал мен мәтелдің айырмашылығы туралы экраннан видео көріп түсінік алды. Оқушылар «Не деу керек мұндайда?», «Мақал сөздің мәнін ұқ», «Біз білмейтін бір мақал» кезеңдерінен тұратын тапқыр достар сайысында топқа бөлініп өз білетіндерімен ой бөлісті лfacebook.com/profile.php?id=100049266154089









Наурыз айында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Тоғыз айға 9 іс-шара» атты тұжырымдамасын іске асыру мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана қолдауымен ағымдағы жылдың 28-ші ақпан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджі жарияланып жүзеге асырылуда. Осы орайда мектеп кітапханасында «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында әдеби сәт өткізілді. Мақсаты: оқушыларды кітап оқуға шақыру арқылы оқу белсенділіктерін арттыру.
Міндеттері: оқушының оқуға құштарлығын арттыру;оқушыларды классик жазушылардың шығармаларын оқуға тарту;оқушылардың кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
Іс-шара барысында мектеп кітапханашысы З.Мыңжасарова Республикалық челенджің өту барысымен мақсаты туралы айтып өтті.Әдеби

сәтте 11А сынып оқушысы Ә. Темірбекова  М.Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясы мен ағылшын жазушысы  Г.Уэллстің «Көрінбейтін адам» атты фантастикалық романы туралы , 9А сынып оқушылары Д.Исабековтың «Гауһартас» повесін, 8 ші сынып оқушысы Қуанышбек Аружан   оқыған шығармалары бойынша өз ойларымен бөлісіп, өздерінің сүйікті кітаптарын оқуға кеңес берді Кітапханада осы тақырыпта кітап көрмесі жасалынды
Іс-шара соңында оқушылар Республикалық челенджднің өту барысын тікелей эфирден тамашалап, алдағы уақытта біздің облысқа жолданған Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романын қызығушылықпен оқитындарын білдірді .

   

2- сәуір Халықаралық балалар кітабы күнін орай .**«Кітап атты бір елде...»**
кітап көрмесі жасалынып,  3- ші сынып оқушыларымен оқу сағаты өткізілді.
12-сәуір Халықаралық Авиация және ғарышкерлер күніне орай  **«Ғажайып Ғарыш әлемі»** атты танымдық сағат өткізіліп, ақпараттық көрме жасалынды. Кеңес Одағының Батыры **Ә.Молдағұлованың** туғанына 100 жыл толуына орай **«Әлия батыр қызы сен қазақтың»** атты кітап көрмесі жасалынды.
23-Сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне **«Қызықты кітап әлемі»** кітап көрмесі жасалынып **«Бірге оқимыз»** оқу сағаты өткізілді.
1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне «**Ұлттар достастығы:Ақындар достықты жырлайды»**  атты кітап көрмесі жасалынды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор **Ш. Құдайбердіұлының** туғанына 165 жыл толуына, ақын, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің негізін салушы **Ілияс Жансүгіровтың** туғанына       130 жыл, ақын, ағартушы **Сәбит Дөнентаевтың** туғанына 130 жыл толуына орай **«Адамдық борыш ар үшін»**  атты кітап көрмесі жасалынып өмір жолы мен шығармалары туралы библиографиялық шолу өткізілді

Қазіргі таңда адамзаттың ашық ақпараттық қоғамға өтуі кітапхана жұмысын жаңа деңгейге көтеріп, жаңа талаптар қойылуда. Бүгінгі күннің басты мақсаты жас жеткіншектерді кітап оқу мәдениетіне баулу, олардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. педагогикалық ұжыммен жұмыс жасау, кітапханаға оқушыларды тарту, ұстаздар мен балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ата- аналармен жұмысты дамыту.

2023-2024 оқу жылында 2-11 сынып бойынша негізгі қорытылатын пәндерден оқушылардың үлгерім қорытынды бағалары шығарылды. Осы тоқсан және жылдық бойынша бойынша қорытылған 5***39 оқушының 97 үздік***, 165 ***екпінді*** сабақ үлгерімін көрсетті. Білім сапасы **48,6 %** құрап, орта балл 4 болып отыр.

| Тоқсан | Бастауыш сыныптар | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | математика | | | | | қазақ тілі | | | | | Әдебиеттік оқу | | | | | Орыс тілі | | | | |
| | бағалары | | | | | бағалары | | | | | бағалары | | | | | бағалары | | | | |
| | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % |
| 1 тоқсан | 208 | 68 | 85 | 58 | **71,6** | 208 | 61 | 89 | 58 | **72,1** | 208 | 80 | 76 | 52 | **75** | 202 | 50 | 70 | 82 | **59,9** |
| 2 тоқсан | 205 | 62 | 85 | 58 | **71,7** | 205 | 61 | 82 | 62 | **69,7** | 205 | 75 | 75 | 55 | **73,1** | 199 | 49 | 79 | 71 | **64,3** |
| 3 тоқсан | 201 | 69 | 76 | 56 | **72,1** | 201 | 61 | 89 | 51 | **74,6** | 201 | 69 | 83 | 49 | **75,6** | 195 | 51 | 76 | 68 | **65,1** |
| 4 тоқсан | 203 | 71 | 82 | 50 | **75,3** | 203 | 59 | 87 | 57 | **71,9** | 203 | 79 | 77 | 47 | **76,8** | 197 | 55 | 73 | 69 | **64,9** |
| **жылдық** | 203 | 71 | 84 | 48 | **76,3** | 203 | 66 | 83 | 54 | **73,3** | 203 | 80 | 78 | 48 | **77,8** | 197 | 56 | 78 | 63 | **68** |

| | 5-11 сыныптар бойынша пәндер | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақ тілі | | | | | Қазақ әдебиеті | | | | | математика | | | | | алгебра | | | | | Химия | | | | |
| | бағалары | | | | | бағалары | | | | | бағалары | | | | | бағалары | | | | | бағалары | | | | |
| оқушы саны | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % |
| 1 тоқсан | 270 | 84 | 99 | 87 | **69,1** | 270 | 84 | 99 | 87 | **74,3** | 107 | 29 | 44 | 34 | **68,2** | 163 | 39 | 45 | 79 | **51,5** | 180 | 34 | 54 | 92 | **48,8** |
| 2 тоқсан | 268 | 88 | 104 | 76 | **72,5** | 268 | 88 | 104 | 76 | **71,0** | 106 | 32 | 34 | 40 | **62,2** | 162 | 39 | 50 | 73 | **54,9** | 229 | 51 | 82 | 96 | **58,0** |
| 3 тоқсан | 303 | 98 | 109 | 96 | **68,3** | 303 | 98 | 109 | 96 | **73,0** | 105 | 28 | 40 | 37 | **64,7** | 162 | 40 | 50 | 72 | **55,5** | 182 | 38 | 72 | 72 | **60,4** |
| 4 тоқсан | 336 | 106 | 129 | 100 | **70,1** | 336 | 119 | 130 | 86 | **74,0** | 105 | 24 | 40 | 41 | **60,9** | 164 | 44 | 46 | 74 | **54,8** | 231 | 62 | 80 | 88 | **61,7** |
| **жылдық** | 336 | 118 | 127 | 91 | **72,9** | 336 | 122 | 116 | 78 | **70,8** | 105 | 30 | 39 | 36 | **65,7** | 164 | 43 | 48 | 73 | **55,4** | 231 | 62 | 81 | 88 | **61,9** |

| Тоқ сан | 5-11 сыныптар бойынша пәндер | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан тарихы | | | | | География | | | | | Ағылшын тілі | | | | | биология | | | | | Орыс тілі мен әдебиеті | | | | |
| | бағалары | | | | | бағалары | | | | | бағалары | | | | | бағалары | | | | | бағалары | | | | |
| | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % | оқушы саны | 5 | 4 | 3 | % |
| 1 т | 339 | 90 | 107 | 137 | **58,9** | 163 | 39 | 78 | 45 | **72,5** | 464 | 121 | 146 | 197 | **57,5** | 163 | 46 | 61 | 46 | **66,6** | 335 | 81 | 84 | 170 | **49,2** |
| 2 т | 335 | 99 | 115 | 121 | **63,8** | 162 | 40 | 76 | 46 | **73,3** | 462 | 128 | 163 | 171 | **62,9** | 162 | 46 | 66 | 50 | **70,3** | 335 | 89 | 96 | 150 | **55,2** |
| 3 т | 333 | 95 | 115 | 123 | **63,0** | 193 | 53 | 90 | 50 | **74,0** | 458 | 137 | 175 | 146 | **62,1** | 229 | 77 | 96 | 56 | **75,5** | 334 | 97 | 95 | 142 | **53,3** |
| 4 т | 336 | 118 | 112 | 105 | **68,6** | 231 | 66 | 97 | 67 | **70,8** | 462 | 145 | 162 | 154 | **66,5** | 231 | 81 | 95 | 54 | **76,5** | 336 | 96 | 100 | 139 | **57,4** |
| жыл | 336 | 105 | 116 | 115 | **65,7** | 231 | 68 | 110 | 53 | **77,0** | 462 | 139 | 169 | 154 | **66,6** | 231 | 76 | 100 | 55 | **76,1** | 336 | 101 | 97 | 138 | **58,9** |